

Тараз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 7-4 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бұйрығына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Тараз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Тараз қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қалалық
мәслихатының төрағасы*

К. Олжабай
Тараз қалалық мәслихатының 2023
жылғы 15 қыркүйектегі №7-4 шешіміне
1- қосымша

Тараз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жиналатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,795
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,925
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	2,146

3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,522
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,793
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,698
6	Емханалар	1 келіп кету	0,067
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,867
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,62
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,688
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залдары	1 отыратын орын	0,106
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,035
12	Стадиондар, спорт аандары	жоба бойынша 1 орын	0,005
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,183
14	Азық-түлік дүкендері, өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	1,05
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,073
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	1,115
17	Азық-түлік тауарларының, өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,029
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м2	0,073
19	Вокзалдар, автовокзалдар , әуежайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,03
20	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м2	1,25
21	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,404

22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орны	3,305
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,753
24	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,33
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,58
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,083
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,029
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,087
29	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	1,01
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,007
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,761

* Ескертпе:

м2 - шаршы метр

м3 - текше метр.

Тараз қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №7-4 шешіміне
2-қосымша

Тараз қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы, теңге
1	жайлы үйлер	тұрғын/айына	250,0
2	жайлы емес үйлер	тұрғын/айына	268,1
3	жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м3	1671,309

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК